



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың шілде айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 16 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылдың шілде айында елде **жылдық инфляция** баяулап, **14,0%**-ды құрады (маусымда – 14,6%). Аймақ деңгейінде қарағанда, жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында тіркелді.

Шілдеде **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 13,5%-ға дейін (маусымда – 14,6%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (16,9%) барынша тез, ал Атырау облысында (11,3%) мейілінше баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 15,0%-ға дейін баяулады (маусымда – 15,8%). Ең жоғары мән Астана қаласында (19,6%), ең төмен мән Ұлытау облысында (11,6%) тіркелді.

Шілдеде **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,6%-ға дейін өсті (маусымда – 13,3%), бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Ұлытау облысында (17,5%) біршама тез, Абай облысында (10,1%) айтарлықтай баяу өсті.

2023 жылдың шілде айында елде **айлық инфляция 0,6%**-ды құрады.

Толығырақ:
[regionah/rubrics/1977](https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

[https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-](https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ал алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz